

Дәрістің тақырыбы: «Дене тәрбиесіндегі оқыту әдістері»

Қарастырылатын сұрақтар:

Оқыту әдістеріне қойылатын жалпы талаптар

Практикалық әдіс

Сөзді пайдалану әдісінде

Көрнекілік әдіс

1. Оқыту әдістеріне қойылатын жалпы талаптар.

Арнайы сабақтар мен қимылдарды оқытып үйретуде мұғалім белгілі-бір оқыту әдістерін білуі шарт. Қайткенде оқушының білмейтінін білуге, жасай алмайтынын жасауға үйрету үшін қандай әдіс-тәсілдері бар? - деген мәселелерді жадынан шығармауы керек. Оқыту, үйрету әдістері сан алуан. Оның тұжырымға келген шегі жоқ. Оқытушының оқушыға оқуды, білімді үйретуде, тәрбиелеуде тиімді қолданылатын жолдарын - әдіс дейміз. «Әдіс» - гректің «қарекет», «жолы» деген сөзінен шыққан. Оқытушының оқыту әдістерін түрлендіріп қолдану нәтижесінде оқушылардың оқу материалдарын меңгеруін қарастыруды – оқыту әдісі дейміз.

Мұғалім сабақта әдісті түрлендіріп, толықтырып, жаңа әдістермен алмастырып отыруы тиіс. Оқыту үдерісі екі жақты жүргізіледі. Оқытушы оқытады, оқушы үйренеді. Оқытушы сабақ барысында хабарламашы, басқарушы, түсіндіруші, команда беруші ғана емес, сонымен бірге оқушыны дұрыс тыңдауға, көрсеткенін қадағалап, оны дұрыс меңгере білуге баулиды.

Сабақ барысында нақтылы жағдайларды ескере отырып оқыту әдістерінің негізгі талаптары жүзеге асуы керек. Дене жаттығуларының сауықтыру, тәрбиелік мәні ғылыми тұрғыдан оның әрекеттерін, әдістерін дұрыс қолданғанда ғана тиімді әсер етеді.

1. Өтілер сабақтың мақсаты дұрыс қойылмаса, онда оқыту әдістерін қолдану да қиынға түседі.

2. Әрбір қолданылатын әдіс пен жаттығуды тиімді меңгеруді ғана көздемей оқушылардың қабылдау түйсігін, белсенділігін арттыруға да бағытталуға тиіс. Мысалы: мұғалім көрсету әдісін пайдаланса, онда көрнекілік қағидасы да толық пайдаланылады.

3. Барлық дене жаттығулары үшін дәстүрлі оқыту әдістері бірдей, солай бола тұрса да жаттығу түрлеріне, күрделігіне, сипаттамасына сәйкес арнайы оқыту әдістерін қолдануға тура

келеді. Мысалы: кейбір (ЖДЖ) жаттығуларды орындағанда тек сөзбен түсіндіру әдісін қолданып, ал жеңіл атлетика, гимнастика жаттығуларын орындағанда көрсету әдісін қолданады. Оңай жаттығулар сөзбен түсіндіріліп, қиын жаттығулар қосалқы жаттығулар арқылы үйретіледі.

Оқыту әдістерінің талаптарын орындауда мыналар ескерілуі тиіс:

1. Сабақтың мақсатын дұрыс қоя білу.
2. Сабақтың тәрбиелік мәнін қамтамасыз ету.
3. Қолданылатын дидактикалық қағидаларды сақтай білу.
4. Оқу материалдарының ерекшеліктерін ескеру.
5. Оқушының, сыныптың және топтың ерекшеліктерін ескеру.

Әр мұғалімнің оқыту әдісі әр түрлі болады, бірақ бәрі де барлық әдістерді білуге тиіс.

6. Құрал-жабдықтардың сапасы мен санын ескеру.

Бірде-бір әдіс ең бірінші немесе ең соңғы негізгі әдіс болуға тиіс емес. Неғұрлым әдістер көп қолданылса, соғұрлым оқытудың көрсеткіштері де жақсы болады. Әрбір әдіс өзінше жақсы екенін де ұмытпауымыз керек. Барлық жағдайда барлық оқушыларға бейімделген бірыңғай әдіс болмайды. Мұғалімнің көрсетуі - түсіндірудің мазмұнымен ұсынылуы керек. Бұл жерде мұғалім оқыту әдістерін жақсы білуі керек.

Оқушы тапсырмалардың бәрін тыңдау, қабылдау барысында есту, көру, сезіну анализаторлары бірдей жұмыс жағдайында болады. Әр түрлі әдістердің ерекшелігіне байланысты оларды үш классификацияға бөлуге болады.

1. Оқушылардың қабылдау түйсігін арттыруға бағытталған естігенін, көргенін жасауы.

2. Мұғалімнің сөзі, көрсетуі, ұсынуы арқылы білім мен дағдының меңгеруіне бағытталуы.

3. Оқушының байқауы, ойлауы, жасауы арқылы - білім мен дағдыны меңгеруіне бағытталуы.

Дене тәрбиесіндегі оқыту әдістері негізгі үш топқа бөлінеді:

1. Практикалық әдісі.

Оқушыларды қимыл белсенділікке баулуға бағытталған. Мұның өзі тұрақты шектеу және арақидік шектеу әдісі болып бөлінеді. Мысалы: жүктемені күшейтіп немесе демалмай жасау, сабақтың мақсатына сай жеке жасау, топтасып жасау жатады. Ал, ойын барысында шектеу жоқ. Оқушының жеке белсенділігі оның

қажетінше жүктеме ауқымына байланысты. Ойын барысында әр түрлі қимылдар, жүгіру, секіру, лақтыру және т.б. қолданылады. Бұл оқушылардың өзара эмоционалдық көңіл-күйін реттеуге септігін тигізеді. Бірақ түсетін жүктеме оқушының сол ойынға қалай қатысуына да байланысты. Ойын - оқытудың үйретуге тиімді жолдары қалай меңгеріліп жатқанын анықтау мақсатында жүргізіледі. Ол оқушыны алғырлыққа, белсенділікке, тәртіптілікке, ұйымшылдыққа баулиды. Жарысу әдісінде ойын белгілі сюжет мазмұнымен жүргізіледі. Оның түпкі мақсаты жеңіске жету. Осыны жүзеге асыру үшін оқушы тарапынан шектен тыс дене және психикалық күш-қуат сарқа жұмсалады. Мұны орындау үшін оқушы қимыл дағдыларын дұрыс пайдаланып, өзін жеңіске немесе сәтсіздікке бейімдей алуы керек.

3. Сөзді пайдалану әдісінің түрлеріне келесілер жатады:

Мұғалім оқушыға жаңа түсінік, ұғым, терминдер туралы мағлұмат береді. Өз-өзіне баға беруге, оқу материалдарын меңгеріп, талдауға мүмкіндік туады. Сөз анық, түсінікті, ырғақты, әсерлі болғаны дұрыс. Мұның өзі оқушы көңіл-күйіне әсер етеді. Сөз әдісі қиын жаттығу тапсырмаларды тез, оңай жеңуге, орындауға көмектеседі. Дауыс ырғақты мимикалық (жест жасау) арқылы оқушының сабаққа ынтасын, құштарлығын ұштайды, тәртіптілікке, жинақылыққа баулиды.

Әңгіме - оқушылардың ойын әрекеттері кезінде қолданылады.

Баяндау - оқушының қимыл әрекеті туралы түсінік береді.

Түсіндіру - оқушыны саналы-сауатты әрекет жасауға ойын техникасының түпкі мазмұнын меңгеруге жұмылдырылады.

Пікірлесу - мұғалім мен оқушы арасында өзара сұрақ қою арқылы олардың көзқарасын анықтап, атқарылған жұмыс мазмұнын тексеруге бағытталған.

Талдау – белгілі-бір тапсырмаларды орындап болған соң мұғалімнің және оқушылардың қатысуымен жүргізіледі.

Тапсырма беру - сабақ алдында немесе сабақ өту барысында жүргізіледі.

Нұсқау - оқушы қателігін түзету, бағыт, анықтама беру жолдарын қарастырады.

Бағалау - жасалған қимыл-әрекеттердің қорытындысын талдап, анықтау мақсатында жүргізіледі.

Бұйрық - әрекетті міндетті түрде орындап, аяқтау немесе ырғақты, екпінді өзгерту мақсатында қолданылады.

4. Көрнекілік әдісі - дене тәрбиесінде көп қолданылады. Оқушыларды көрген нәрсені талдай білуге, орындауға, жұмылдыру, қимыл туралы ұғымын оятуға бағытталған.

Бақылау сұрақтары:

- Оқыту әдістеріне қойылатын жалпы талаптар?
- Практикалық әдістің сипаттамасы?
- Сөзді пайдалану әдісінің сипаттамасы?
- Көрнекілік әдісінің сипаттамасы?

Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Ботағариев Т.А. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі / Оқу құралы. – Ақтөбе, 2017. – 240 б.
2. Холодов Ж.К. Теория и методика физической культуры и спорта. – М.: 2018. – 496 с.
3. Уанбаев Е.К. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: «Эверо», 2019. – 309 б.
4. Есіркепов Ж.М. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі / - Алматы: Адал-кітап, 2021. – 289 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Аманбаев Р.Р. Спорт теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері. Оқу құралы 2014. – 200 б.
2. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі / 4-ні кітап. Оқулық. – Алматы: Эверо, 2019. – 368 б.
3. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физической культуры и спорта. (15-е) изд. «Москва» 2018. – 250 с.
4. Құланова Қ.Қ, Марчибаева Ұ.С. Таңдаған спорт түрінен жалпы және арнайы дене дайындығы. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2018. – 185 б.
5. Әбділлаев Ә.К. Таңдап алған спорт түрлерінің теориясы мен әдістемесі. Оқулық, Түркістан: «Тұмар», 2017. – 217 б.
6. Масалова О.Ю. Теория и методика физической культуры. Учебник. Ростов-на Дону. «Феникс», 2018. – 245 с.
7. Уанбаев Е.Қ. Дене тәрбиесінің негіздері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: «Санат», 2000. – 72 б.